

Түрікменстанның көші-қон саясаты: Экономика мен қоғамды қайта құру

Гүлшат Шмайссе

*Австралия ұлттық университетінің Араб және ислам зерттеулері орталығының
PhD кандидаты.*

Аннотация

Түрікменстанның көші-қон режимі парадокс тудырды.

Мемлекет сыртқы көші-қонға тәуелді. Ақша аударымдары инфляция және мемлекет тарапынан шектеулі қолдау жағдайында күнделікті отбасылық қажеттіліктерді қамтамасыз ететін, құрылымдық кемшіліктерді жасыратын және экономикалық реформаларға қысымды азайтатын іс жүзіндегі әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне айналды.

Дегенмен, мемлекет сыртқы көші-қонды шектейді, паспорт беруді кешіктіру және кейде түсініксіз әкімшілік талаптар арқылы бақылауды күшейтеді, бұның бәрі мигранттарды заңсыз жолдарды пайдалануға итермелейді.

Мемлекет қалай бұған әрі тәуелді болып, әрі өзі тәуелді нәрсеге кедергі келтіреді?

Бұл қысқаша шолудың пайымдауынша, бұл сұраққа жауап ішінара осы жағдайларда кімнің көшіп-қонатынына байланысты. Ер адамдар шекарадағы және консулдық процестердегі бақылаудың күшеюіне тап болғандықтан, қазіргі таңда әйелдер шетелге барып жайғасып, жұмыс істеп тапқан ақшаларын аудару арқылы отбасыларын асырап, негізгі табыс табушыларға айналуда. Олардың табысы мен ұлтаралық байланыстары отбасы әл-ауқаты үшін маңызды факторға айналды, алайда әйел мигранттар заңдық қиындықтар мен қоғамдағы теріс көзқарастарға байланысты осал келеді.

Көші-қонда әйелдер үлесінің артуы (феминизация) ақша аударымдарына тәуелділік пен елден шығуды бақылаумен қатар жүрген бір бөлек құбылыс емес. Бұл осы екі күштің бір-бірімен қақтығысынан туындаған құбылыс. Бұл динамиканың себептерін түсіну әлеуметтік қорғау, жұмысшылардың еркін қозғалысы және аймақтық көші-қонды тиімді басқару бойынша нақты саясаттарды әзірлеу үшін өте маңызды.

01 Миграция тұзағы

1991 жылы егемендік алғаннан бері Түрікменстан халқының үштен біріне жуығын сыртқы көші-қонға байланысты жоғалтқан болуы мүмкін.

Бір бағалау бойынша, 1991-2017 жылдар аралығында бұл көрсеткіш 29%-ды құрады. Бөлек есептерге сәйкес, 2008-2018 жылдар аралығында 1,9 миллион түрікмен елден көшіп кеткен. Басқа есептеулер бойынша, тек 2019 жылы 110 000-ға жуық адам елден кеткен.

Деректер нақты деп айту қиын: Түрікменстан әлемдегі ең жабық мемлекеттердің бірі, сол үшін де қолдағы мәліметтер жиі күмән тудырады.

Көптеген түрікмендер ел ішіндегі тұрақты жұмыссыздыққа байланысты жоғары табыс пен қолайлы еңбек жағдайларын іздеп көшеді. Білім алу мүмкіндіктерінің аз болуы және саяси еркіндіктердің шектелуі жастардың елден кетуіне қосымша факторлар болып табылады. Аталған қысым факторлары көшіп-қонушылардың құрамын да өзгертті: соңғы жылдары елден өз бетінше кететін жас әйелдердің саны артты, бұл үрдіс ел ішіндегі гендерлік теңсіздік пен шетелдегі үй шаруашылығы мен күтім жасау қызметтеріне деген сұраныспен тығыз байланысты.

Түрікмен мигранттары үшін Түркия елі негізгі бағытқа айналды. Визасыз сапарлау режимі (соңғы уақытқа дейін), тілдік және мәдени жақындық, сондай-ақ қалыптасқан миграциялық желілері бұл бағытты ең қолайлы таңдау ретінде айқындады. Екі ел ортасындағы көші-қон ауқымы айтарлықтай жоғары. 2019-2022 жылдар аралығында Түрікменстан азаматтары Түркиядағы барлық шетелдік тұрғындардың 13,8%-ын құрады, оның ішінде 124 478 адам тұрақты тұруға рұқсаты бар, 102 344 адам студенттік рұқсатпен және 4 913 адам отбасылық рұқсатпен елге кірген. Түрікменстанның ресми халқы шамамен 7 миллион адамды құрайтынын ескерсек (бұл көрсеткіш кеңінен даулы), бұл ел азаматтарының едәуір бөлігі қазір Түркияда тұратынын көрсетеді.

Ресей тағы бір маңызды бағыт болып қала береді, әсіресе студенттер үшін. Түрікмен студенттерінен түскен өтініштер саны 2016 жылғы 22 401-ден 2019 жылы 49 444-ке дейін өсті.

Бірақ 2022 жылдан бастап көші-қон үлгілері өзгере бастады. 2022 жылы Түркияға визасыз сапарлау режимінің аяқталуына және Ресейдің Украинаға басып кіруінен туындаған үзілістерге байланысты, Түрікмендік еңбек мигранттары үшін Беларусь елі балама бағытқа айналды. 2024 жылы Беларусь еліне 16 300-ге жуық Түрікменстан азаматы кірді.

Сонымен бірге, ауқымы шағын болғанына қарамастан, аймақ ішінде студенттердің еркін қозғалысы қарқын алды. Өзбекстанда түрікмен студенттері халықаралық студенттердің екінші үлкен тобын құрады, 2024-2025 оқу жылында 1 430 студент тіркелген. Қазақстанда да өсім байқалды: 2025 жылдың бірінші тоқсанында 9 510 Түрікменстан азаматы Қазақстанға келген, ал жалпы 11 641 адам жарамды визамен тіркеліп, олар виза иелерінің арасында екінші ең ірі топты құрады.

Түрікмен студенттері Малайзия елінде де, әсіресе инженерия және мұнай бағдарламалары бойынша білім алуда, ал Вьетнам елі түрікмен оқытушылары үшін кішігірім білім алу бағытына айналады.


Геосаяси жағдайлар мен COVID-19 пандемиясы көші-қон ағынына теріс әсер еткеніне қарамастан, оның негізгі себептері мен басты бағыттары жалпы өзгеріссіз қалды. Алайда, көші-қонның құрамы өзгерді. Қазіргі таңда әйелдер түрікмен мигранттарының аздаған көпшілігін құрайды (52,3%), бұл айырмашылық уақыт өте келе аздап ұлғайды.

Бірақ Түрікменстаннан кету бұрынғыдай күрделі. Болашақ мигранттар паспорт, виза, шақыру хаты және шетелде тұрып жүруге қаражаттың жеткіліктігін растайтын құжаттарды қамтитын күрделі ресми талаптарды орындауы тиіс, сонымен қатар пара сияқты бейресми шығындарға да тап болады. Осы кедергілердің салдарынан елден шығу рәсімі ұзақ уақыт алады және қомақты ақшалай қаржыны талап етеді.

02 Еңбек күшін экспорттау, тұрақтылықты импорттау

Қағаз жүзінде Түрікменстан аймақтағы ерекше ел болып көрінеді. Түрікменістанға жақын орналасқан Тәжікстан елінде ақша аударымдары 2024 жылы жалпы ішкі өнімнің 47,9%-ын құрады, сол себептен Тәжікстан экономикасы әлемдегі ақша аударымдарына ең тәуелді экономика болып саналады. Қырғызстан (17,7%) мен Өзбекстан (14,4%) елдері де шетелден келетін қаржылай ағындарға қатты тәуелді. Ресурстарға бай Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша шкаланың басқа шетінде орналасқан, небәрі 0,1%.

Ал, керісінше, Түрікменстанға қатысты қолда бар мәліметтер іс жүзінде ешқандай тәуелділік жоқ екенін аңғартады. Дүниежүзілік банктің ғана көрсеткіші бойынша, ақша аударымдары 1996 жылы ЖІӨ-нің 0,2%-ын құрады, ал басқа бағалауларға жүгінетін болсақ, олар 2000-2018 жылдар аралығында ЖІӨ-нің 0,18% мен 0,01% аралығында ауытқығанын көрсетеді. Ресми деректер де аз: 2021 жылы Ресейден Түрікменстанға тек 1 миллион доллар кіргені тіркелді.



1-сурет. Орталық Азия елдеріндегі алынған жеке ақша аударымдардың ЖІӨ-ге шаққандағы пайыздық (%) үлесі.

Бір қарағанда, ақша аударымдарының ел экономикасындағы үлесі елеусіз екенін болжауға болады. Шын мәнінде, бұл көрсеткіштер ақша аударымдарының көлемін емес, деректердің шектеулі екенін айқындайды.

Түрікменстанға жіберілетін ақша аударымдарының басым бөлігі ресми әрі қадағаланатын арналар арқылы өтпейді. Керісінше, олар хавалаға ұқсас бейресми желілер арқылы жүзеге асырылады, мұнда ақша сенімді делдалдар арқылы шекарадан физикалық түрде өтпей аударылады, қолма-қол ақшамен тасымалданады немесе Ресей немесе Түркия сияқты үшінші елдердегі шоттар арқылы жіберіледі. Бұл транзакциялар банктік жүйе арқылы өтпейтіндіктен, олар ресми статистикалық мәліметтерде көрінбейді.

Бұл мәселені елдің айырбас бағамы жүйесі де ұшықтыра түседі. 2015 жылдан бастап ресми бағам АҚШ долларына 3,5 манат деңгейінде белгіленді, бірақ іс жүзінде бұл бағамен шетел валютасын ала алатындар өте аз. Оның орнына баламалы нарық пайда болды, онда доллар әлдеқайда жоғары бағада сатылды; 2017 жылы шамамен 9 манат, 2019 жылы 15 манат, ал 2022 жылы 40 манатқа дейін жетті. Ресми бағам бойынша доллар сатып алу қатаң шектелген, оны тек белгілі бір рұқсат етілген мақсаттар үшін және белгіленген мөлшер шегінде ғана сатып алуға болады.

Бұның нәтижесі анық. Жеке тұлғалар мен шағын бизнес өкілдері бейресми нарыққа жүгінеді, онда аударылған долларларды әлдеқайда жоғары бағаммен айырбастауға болады. Сондықтан доллардың келген кездегі нақты құны айтарлықтай артып, олар күнделікті тұтынуда маңызды орын алады. Түрікменстан макроэкономикалық тұрғыдан ақша аударымдарына тәуелді ел болып көрінбеуі мүмкін, бірақ үй шаруашылығы деңгейінде бұл қаражат көбіне аса маңызды болып табылады.

Сенімді деректердің болмауына қарамастан, ақша аударымдары Түрікменстандағы үй шаруашылықтарының өмір сүруі үшін маңызды, олар әдетте төмен жалақы мен шектеулі мемлекеттік қолдаудың орнын толтырып отырады. Мұнда олардың ауқымы ғана емес, сонымен қатар олардың саяси функциясы да маңызды. Үкімет бұл тәуелділікті мойындамайды. Керісінше, сыртқы көші-қон ішкі реформалардың орнын тиімді түрде басады: ол жұмыссыздықты сыртқа ығыстырады, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне түсетін қысымды жеңілдетеді және елдегі тұтынуды қолдауға көмектеседі.

03 Елден шығуды шектеу арқылы көші-қонды қадағалау

Түрікменстан қағаз жүзінде көші-қонға қарсы емес. Іс жүзінде, ол көші-қонға кедергі келтіретін күрделі тосқауылдар жүйесін қалыптастырған.

Пандемияға дейін елден шығу көбіне оңай болатын. Студенттерге университеттен шақыру хатынан басқа көп құжат қажет болмады. Түркияға саяхаттау ешқандай құжаттаманы қажет етпейтін, тек келген кезде төленетін 25 доллар алым болды.

Содан бері жүйе талаптары әлдеқайда қатаңдатылды және біркелкі қолданылмайтын болды. Елден шығу толықтай ашық та, толықтай жабық та емес, керісінше, іріктеліп, таңдамалы түрде реттеледі және көп жағдайда ақша төлеуді талап етеді.

Бұл жүйенің негізінде өзара қабаттасатын үш логика жатыр: (1) саяси іріктеу, ол қалаусыз деп танылған тұлғаларды бұғаттайды немесе тоқтатады; (2) әкімшілік бақылау, ол түсініксіз және күрделі рәсімдер арқылы елден шығуды таңдаулы етеді; және (3) қаржы өндіру, ол елден шығу құнын арттырады және кетушілерден пайда табады. Бірге, бұл механизмдер кімнің, қандай жағдайларда және қандай бағамен көшіп-қона алатынын анықтайды.

Елден шығуды бақылау, ерікті сапарға тыйым салу және саяси тұрғыдан қалаусыз деп танылған тұлғаларды қара тізімге енгізу жаңалық емес. Олар тәуелсіздік алғаннан бері Түркіменстандағы басқару жүйесіне тән тұрақты сипат болып келеді және елді басқарған үш президенттің барлығының тұсында да сақталған.

Бірінші топқа саяси қайраткерлер, журналистер және саяси қауіп ретінде қабылданатын басқа да тұлғалар кіреді, олар басқаларға қарағанда көбірек зардап шегеді және оларға елден кетуге жүйелі түрде кедергі келтіріледі. 2023 жылы түрікмен фотожурналисті және адам құқықтарын қорғау саласындағы Geneva for Human Rights Award сыйлығының номинанты Солтан Ачилова мен оның отбасына шетелге шығуға тыйым салынды. Екі жылдан кейін журналист Нургелды Халыков ұқсас шектеулерге тап болды. Бұл шектеулер сондай-ақ қуғындағы белсенділер мен саясаткерлердің Түркіменстандағы отбасы мүшелеріне де қатысты қолданылады.

Түрікмен үкіметі бірнеше жыл бойы «қолайлы» шетелдік университеттердің тізімін жариялап келеді. Либералды идеяларды насихаттайды деп күдіктелген немесе Түрікменстан билігі күдікті деп санаған университеттер қара тізімге енгізілді, оларда оқитын студенттерге елден шығуға шектеулер қойылды. 2009 жылы мұндай шаралар Қырғызстандағы Орталық Азиядағы Америка университетінде (AUCA) және Болгариядағы Америка университетінде оқитын түрікмен студенттеріне бағытталды, оларға жазғы демалыстан кейін университеттерге кері оралуға тыйым салынды. Бұл саясат салдарынан шамамен 1 500 студент білім алуды жалғастыра алмай қалды, көптеген студенттер саяхатқа тыйым салынғандар тізіміне енгізіліп, олардың қозғалыс еркіндігі жеті жылға дейін шектелді.

Елден шығу шектеулері көбінесе ешбір негіз не себепсіз енгізіледі. 2022 жылғы желтоқсан айында түрікмен студенттеріне жаппай түрде ұлттық халық санағына дайындық айларында Ашғабат халықаралық әуежайынан шығуға тыйым салынғаны туралы хабарланды, бұл кезде үкімет халық санының азаюы туралы жаңа деректерге ерекше сезімталдық танытқан болатын. Түркиямен визасыз режимі тоқтатылғаннан бері шамамен 60 түрік жұбайы өз түрікмен серіктерінен ажырады, өйткені паспорттарын жаңарту үшін елге оралған түрікмен азаматтарына сапарға шығуға үш-бес жылдық тыйым салынды.

Жалпы, 2010 жылдан бері 37 057 Түрікменстан азаматына елден кетуге тыйым салынғаны хабарланды.

Елден шығып кетуді экономикалық бақылаудың тетігі ретінде

Ішкі заңнама шетелде тұрақты тұратын Түрікменстан азаматтарына дипломатиялық миссиялар арқылы халықаралық паспорттарды алуға немесе жаңартуға рұқсат берсе де, консулдық органдар мұндай өтініштерді көбінесе қабылдаудан бас тартады. Сондықтан, ондай азаматтар Түрікменстанға оралуға және ұзақ әрі қымбат рәсімдерден өтуге мәжбүр болады. Еліне оралуға мәжбүр болған түрікмендер жаңа шектеулерге тап болады.

Елден шығу үшін төленетін қаржылық шығындар жүйенің мәжбүрлеуші сипатын одан әрі айқындай түседі. Жарияланған деректерге сәйкес, Түрікменстанның кейбір азаматтары елден шығуға рұқсат алу үшін әуежайлардағы көші-қон қызметінің қызметкерлеріне 2 000-нан 5 000 долларға дейін төлеген. Бұл – ресми ең төменгі айлық жалақысы 1 280 манат (бейресми бағам бойынша шамамен 65 доллар) болатын ел үшін айтарлықтай ірі сома.

Бұл негізгі шектеуді тудырады. Елден кету мүмкіндігі жиі шетел валютасына немесе сыртқы қолдауға байланысты, осыларға көптеген үй шаруашылықтары ақша аударымдары арқылы қол жеткізе алады. Шын мәнінде, көшіп-қонуды қалайтындар елден кетуді қаржыландыру үшін шетелде тапқан ақшаны пайдалануы мүмкін. Бұл мағынада, елден шығу шектелген ғана емес, сонымен қатар ол оны қолдайтын жүйеге алдын ала қол жеткізуге де байланысты.

Сыртқы бақылаушыларға бұл құжаттар мен рәсімдер әдеттегі бюрократия болып көрінуі мүмкін. Іс жүзінде олар бақылау жүйесі ретінде жұмыс істейді. Ресми талаптар (паспорттар, шақыру хаттары, визалар, кері билеттер және шетелде тұрып жүруге қаражаттың жеткіліктігін растайтын құжаттар) бейресми тәсілдермен (ерікті сапарға тыйым салу, «қара» тізімдер және шенеуніктерге төлемдер) қатар жүреді. Тұтастай алғанда, олар екіжақты саяси функция атқарады: қалаусыз деп танылған тұлғалардың елден шығуын шектейді, сонымен қатар ақша аударымдарына негізделген үй шаруашылықтарының өмір сүруін қолдайтын жеткілікті көші-қонның сақталуына мүмкіндік береді.

Мұның бәріне ізгі тұрғыдан қарайтын болсақ, бұл жағдайды құжат айналымын тиісті деңгейде жолға қоя алмайтын тиімсіз басқарылатын мемлекеттің салдары ғана деп қорытындылауға болады. Алайда, аталған бейберекетсіздік функционалдық сипатқа ие. Мемлекет көші-қонды толығымен тоқтатқысы келмейді; мемлекетке ақша аударымдары қажет.

Мемлекеттің негізгі мақсаты – елден кімнің, қашан және қандай шарттармен шығатынын бақылау. Елден шығуды толығымен тоқтатып қоймай, оны таңдаулы ету арқылы мемлекет қалаусыз деп санайтын тұлғалардың елден шығуын бұғаттайды, ал ақша аударымдарының ағынын жалғастыру үшін жеткілікті көші-қонға мүмкіндік береді. Функционалдық кемшіліктер жүйелік шешімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

04 Түрікмен көші-қонының феминизациясы

Бұл жүйенің құрылымы толықтай көзделмеген салдарларға алып келді және қазіргі таңда олар түрікмен қоғамдық нормаларын әлеуетті түрде терең өзгерте бастады.

Әйелдер қазір түрікмен мигранттарының өсіп келе жатқан үлесін, ал кейбір жағдайларда көпшілігін құрайды. Бұл үрдіс әсіресе Түркия елінде айқын байқалады, онда түрікмен әйелдері үй шаруашылығы, күтім жасау және қызмет көрсету салаларында шоғырланған. Түркияда, атап айтқанда, 2019 жылы әйелдер түрікмен мигранттарының 47,3%-ын құрады, ал 2024 жылы бұл көрсеткіш 53,3%-ға дейін өсті. Бұл үлгі бір бағытпен шектелмейді. 1990 жылдардан бері әйелдер Ресейдегі түрікмен мигранттарының жартысынан астамын құрады, бұл көші-қон динамикасындағы кеңірек құрылымдық өзгерісті көрсетеді.

Көші-қонның феминизациясы Түрікменстанның өзіндегі тұрақты итермелеуші факторлар жиынтығымен айқындалады.

Түрікменстан азаматтары басқаратын коммерциялық емес Progres ұйымының мәліметінше, елдің саяси басшылығында түрікмен әйелдері әлі де өте аз: парламенттің төменгі палатасында орындардың тек 24,8%-ын, ал жоғарғы палатасында 27%-ын иеленеді. Сонымен қатар, түрікмен экономикасының ең қолайсыз еңбек жағдайларына ие салаларының кейбірінде әйелдер саны шамадан тыс: әйелдер мақта терушілердің 90%-ын құрайды, олардың 78,4%-ында заңды құжаттары жоқ, ал жұмыс орындарында еңбек ету және тамақтану жағдайлары өте нашар. Білім беру, қызмет көрсету және ауыл шаруашылығы сияқты төмен жалақы төленетін салаларда ерлердің пайдасына 23% деңгейінде гендерлік жалақы айырмашылығы сақталады.

Гендерлік негіздегі зорлық-зомбылық көші-қон шешімдерінің қалыптасуына қосымша ықпал етеді. Түрікменстандағы әрбір төртінші әйелдің бірі үйде немесе қоғамдық орындарда қудалауға ұшыраған, ал зардап шеккендердің 65%-ы қалыптасқан әлеуметтік нормалар, шектеулі институционалдық қорғау тәсілдері және билікке сенімсіздікке байланысты сондай зорлық-зомбылықты ақтайды. Нәтижесінде, қалыптасқан көрініс – бұл өзіндік парадокс. Түрікмен қоғамындағы әйелдердің маргинализациясы олардың шетелдегі экономикалық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал етеді, бірақ бұл әйелдің отбасынан алыста болуы және олардың төменгі деңгейдегі кәсіби салаларда жұмыс істеумен шектелу есебінен іске асады.

Гендердің әсерінен пайда болған миграцияның жаңа жолдары

Бағыт елдерге тән факторлар бұл үрдісті күшейтеді. Деректерге сәйкес, түрік жұмыс берушілері отандық жұмыс берушілермен салыстырғанда әйелдердің қажеттіліктеріне көбірек назар аударады, бұл Түркияның еңбек мигранттары мен баспана іздеушілер үшін негізгі бағыттардың біріне айналу себептерінің бірі.

2001 және 2019 жылдар аралығындағы Progres ұйымының деректеріне сәйкес Түркияда баспана іздеген 1 847 түрікмен әйелі және 929 ер адамы, сондай-ақ Германияда 1 677 әйел мен 290 ер адам тіркелген. Түрік лирасының құнсыздануына қарамастан, тілдік жақындығы, қалыптасқан миграциялық желілер, салыстырмалы түрде қолжетімді еңбек нарықтары және анағұрлым қауіпсіз көші-қон жолдарының

арқасында түрікмен азаматтары үшін Түркия ерекше тартымды бағыт болып қала береді.

Көші-қонның феминизациясы Түрікменстан үшін жаңа да, бірегей құбылыс та емес, алайда оның ауқымы мен қозғаушы факторлары ел ішіндегі ерекше үрдістерді айқындайды. Соңғы уақытта түрікмен әйелдерінің отбасымен қауышу мақсатында емес, дербес түрде қоныс аудару жағдайлары көбейіп келуде. Шын мәнінде, Ле Гофф атап өткендей, Шығыс және Орталық Азия елдерінен, атап айтқанда Беларусь, Қырғызстан және Түрікменстаннан шыққан әйел мигранттардың саны ЭЫДҰ елдерінде ер адамдардың санынан 2010-жылдардың ортасына қарай асып түсе бастаған. Соңғы ғылыми зерттеулерге сәйкес, бұл әйел мигранттар шетелде ұзақ мерзімді немесе тұрақты тұруға бейім. Іс жүзінде, бұл үдеріс дәстүрлі қамқорлық рөлдерінің өзгеруіне байланысты отбасылық қатынастарды өзгертеді, көптеген бала ата-анасыз өседі («көші-қон жетімдері») және әйелдер маңызды ақша аударушыларға айналады. 18-22 жас аралығындағы жас әйелдердің шамамен 20%-ы және жас аналардың 56%-ы білім алу, жұмыспен қамту немесе кәсіптік даярлық (NEET) жүйесінде қамтылмағанын ескерсек, бұл басқа жерден мүмкіндіктер іздеуге күшті ынталандыру тудырады. Түрікмен қоғамының патриархалдық сипатына қарамастан, мемлекет тарихи тұрғыдан әр кезеңде ерлердің елден шығуын шектеп келеді, сол себепті отбасыларда басқа таңдау көп емес.

Бұл өзгеріс тек саналы таңдау нәтижесі ғана емес, сонымен қатар шетелдік еңбек нарығындағы сұраныс пен мемлекеттің әйелдердің мобильділігіне қатысты ұстанымының ықпалымен қалыптасып келе жатқан үрдіс болып табылады; бұл ұстаным іс жүзінде ерлерге қарағанда анағұрлым рұқсатшыл сипатта көрінеді.

Қарама-қайшылық әскери салада ең айқын көрінеді. 2025 жылы Амстердамда орналасқан Turkmen.News басылымы хабарлағандай, Түрікменстанның Қорғаныс министрі бірнеше жыл бойы әскери қызметтен кетуді қалайтын офицерлер мен сержанттардың паспорттарын ұстап қалып, оларды қызметте қалуға мәжбүрлеп отыр. Паспортсыз адам заңды түрде жұмыс істей алмайды, визаға өтініш бере алмайды немесе елден кете алмайды. Ер адамдар шекарадағы және консулдық процестердегі бақылаудың күшеюіне тап болғандықтан, ал әйелдер қозғалысы неғұрлым еркін болғандықтан, қазіргі таңда әйелдер шетелге барып жайғасып, жұмыс істеп тапқан ақшаларын аудару арқылы отбасыларын асырап, негізгі табыс табушыларға айналуда.

Бұл үрдістер Түрікменстанның демографиялық келбетін айтарлықтай деңгейде өзгертіп отыр. Түрікмен әйелдері шетелдік азаматтармен жиірек некеге тұра бастағандықтан, демографиялық құрылым әйел шыққан елде де, оның жұбайының елінде де өзгеріске ұшырауда. Мысалы, Түркияда түрікмен әйелдері отбасылық негіздегі 18 432 тұру рұқсатына ие болып, бұл көрсеткіш бойынша тек өзбек әйелдерінен кейінгі орында тұр, ал Түрікменстан азаматтары жалпы тұрақты тұру рұқсаттарының саны бойынша бірінші орын алып, олардың саны 2026 жылы 184 229-ға жетті. Түрікмен халқының саны шамамен 2,5 миллионға дейін болуы мүмкін деген тәуелсіз бағалаулармен салыстырғанда, бір елде ұзақ мерзімге

қоныстанған түрікмендердің мұндай үлкен үлесінің шоғырлануы көші-қон үдерістерінің демографиялық, әлеуметтік және саяси маңызын айқындайды.

Сонымен қатар, тәуелсіз көші-қон әйелдерді құқықтық қауіпсіздіктің жоқтығы, экономикалық осалдық және адам саудасы қаупі сияқты жоғары тәуекелдерге ұшыратады.

Түрікменстан бұл тұрғыда Орталық Азиядағы ең нашар құқық бұзушылардың қатарында. Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы жаһандық бастамаға сәйкес, ол адам саудасы мен қазіргі заманғы құлдықтың бастауы да, баратын жері де болып табылады. Түрікмен әйелдері шетелде сексуалдық қанауға бағытталған адам саудасы қатеріне айрықша бейім, ал ауыл шаруашылығы мен үй шаруашылығы еңбегі секілді салалардағы еңбек көші-қонының кең таралуы олардың мәжбүрлі еңбек жағдайларына ұшырау ықтималдығын одан әрі күшейтеді.

Бұл осы қысқаша шолуда сипатталған көші-қон тұзағының жанама салдары емес, керісінше оның ең өткір зардаптарының бірі болып табылады.

Ұсыныстар

Бұл жұмыста сипатталған парадокстан шығу жолы бар, алайда қарапайым Түрікменстан азаматтарына нақты пайда әкелетін кез келген реформалар мемлекет тарапынан қолдауды талап етеді, ал мемлекет мұндай қолдауды көрсетуге әзірлігінің шектеулі екенін байқатып отыр. Сондықтан төмендегі ұсыныстар осы шектеуді ескере отырып жасалған. Ұсыныстардың әрқайсысы мигранттар мен олардың отбасылары үшін нәтижелерді жақсартуға ғана емес, сонымен қатар Түрікменстан экономикасына және, кеңінен алғанда, мемлекеттің өзіне нақты пайда әкелуге бағытталған. Реформаларды жүзеге асырудың негіздемесі тек гуманитарлық сипатпен шектелмей, сонымен қатар қаржылық және стратегиялық аспектілерді де қамтиды.

Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан елдерінде визасыз режимдер енгізілген мысалдарға сүйене отырып, визалық режим реформалары заңсыз көші-қонды азайтып, шетелде білім алуға, жұмыс істеуге немесе отбасымен бірігуге ұмтылатын түрікмен азаматтарына түсетін әкімшілік жүктемені жеңілдетеді. Ең бастысы, көші-қонды реттеу Түрікмен мемлекетінің мүдделеріне де қызмет етеді: ресми қозғалыс арналары ақша аударымдарының ағындарын ашық етеді, оларды бақылауды жеңілдетеді және сәйкесінше салық салуға ыңғайлы етеді. Бұл экономикалық әртараптандыру шектеулі болып қалатын кезде үкіметке шетел валютасының болжамды көзін ұсынады. Осы тұрғыдан

алғанда, көші-қонды жеңілдету тек гуманитарлық немесе әкімшілік реформа ғана емес, сонымен қатар мигранттардың әл-ауқатын мемлекеттік кірістерді қалыптастырумен үйлестіретін фискалдық тұрғыдан ұтымды стратегия болып табылады.

Қырғызстанның «Золотая Корона», «Контакт» және Western Union сияқты ақша аудару операторларымен серіктестігі негізінде үлгіленген ақша аударымдарын жеңілдету тетіктерін енгізу үй шаруашылықтарына қаражатты қауіпсіз әрі ашық арналар арқылы алуға мүмкіндік беріп, қазіргі уақытта экономиканы бұрмалайтын ресми және бейресми валюта бағамдары арасындағы алшақтықты қысқартуға ықпал етер еді.

Екіжақты немесе өңірлік еңбек көші-қоны туралы келісімдер, соның ішінде маусымдық жұмыс бағдарламалары немесе Қазақстанның Жұмысқа рұқсат беру жүйесі, Өзбекстан-Түркия мигрант жұмысшыларды қорғау туралы келісімі немесе Қазақстан және Қырғыз азаматтары үшін Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) еңбек көші-қоны бағдарламасы сияқты біліктіліктерді өзара тану тетіктері делдалдарға тәуелділікті азайтатын және қанау тәуекелдерін төмендететін жолдарды қамтамасыз ете алады.

Мигранттар отбасыларына арналған әлеуметтік қорғау шаралары, мысалы, мақсатты субсидиялар, бала күтіміне қолдау көрсету немесе заңды көмекке қол жеткізу (Тәжікстанның Мигранттар ресурстық орталықтары және Қырғызстанның Мигранттар балаларын қолдау бастамалары мысалында) үй шаруашылықтарының тұрақтылығын нығайтып, бейресми ақша аударымдарына тәуелділіктен туындайтын осалдықтарды азайтады.

Соңында, халықаралық қауымдастық түрікмен әйел мигранттарына қатысты айрықша жауапкершілікті жүктеп отыр.

Бұл құжатта көрсетілгендей, қазіргі таңда әйелдер көші-қон жүйесінің тәуекелдерінің үлкен үлесін көтереді: құқықтық қауіпсіздіктің жоқтығы, экономикалық тұрақсыздық және адам саудасы мен қанауға деген өткір осалдық. Қабылдаушы елдер, аймақтық органдар және халықаралық ұйымдар өздерінің саяси ұстанымдарын сәйкесінше реттеп, заңсыз немесе бейресми жұмыстағы түрікмен әйелдеріне ерекше қорғауды ұсынуы және баспана мен тұру процестерінің әйел мигранттар тап болатын ерекше жағдайларға жауап беретініне кепілдік беруі керек.

Түптеп келгенде, Түрікменстандағы көші-қон тұзағын еңсеру үшін көші-қонды қауіп ретінде емес, елдің саяси экономикасының құрылымдық құрамдас бөлігі ретінде тану қажет, оның негізгі шығындарын қазіргі таңда көбіне мигранттардың өздері көтеріп отыр.

CAPS Unlock

Осы мақалада айтылған пікірлер тек авторға тиесілі және CAPS Unlock немесе автор жұмыс істейтін кез келген ұйымның ресми ұстанымын білдірмейді. CAPS Unlock бұл мақаланы ақпараттандырылған қоғамдық пікірталасқа үлес ретінде жариялайды. Жариялау талдауды немесе қорытындыларды мақұлдауды білдірмейді.

Біз жауаптарды, сын-пікірлерді және баламалы көзқарастарды, әсіресе осы жерде талқыланған мәселелер бойынша тікелей тәжірибесі бар зерттеушілер мен практик мамандардың пікірлерін құптаймыз. Егер сіз осы мақалаға қатысты пікір білдіріп, жауап ұсынғыңыз келсе немесе Insight сериясына үлес қосқыңыз келсе, бізге editorial@capsunlock.org мекенжайы бойынша хабарласыңыз немесе capsunlock.org сайтына кіріңіз.